8. Министерство сельского хозяйства и продовольствия Республики Беларусь. (2023). Обновление парка сельскохозяйственной техники и меры поддержки. [Электронный ресурс]. — URL: <https://agronews.by>
9. Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). (2020). Agricultural Mechanization in Brazil: Case Study. Rome: FAO. — URL: <https://www.fao.org/3/cb1637en/CB1637EN.pdf>
10. Ministry of Agriculture and Rural Affairs of the People's Republic of China. (2021). China Agricultural Mechanization Report. — URL: https://www.gov.cn/zhengce/zhengceku/2021-12/01/content_5654964.htm
11. European Commission. (2021). Rural Development Programme of Finland 2014–2020. Directorate-General for Agriculture and Rural Development. — URL: https://ec.europa.eu/info/index_en
12. Ministry of Agriculture & Farmers Welfare, Government of India. (2022). Custom Hiring Centres and Mechanization Schemes. — URL: <https://agricoop.nic.in>
13. Ministry of Agriculture and Forestry of the Republic of Turkey. (2022). Agricultural Support and Mechanization Policies. — URL: <https://www.tarimorman.gov.tr>
14. Pingali P. Agricultural mechanization: adoption patterns and economic impact // Handbook of agricultural economics. – 2007. – Т. 3. – С. 2779-2805.
15. Daum, T., Birner, R. The neglected governance challenges of agricultural mechanisation in Africa—insights from Ghana // Food Security. – 2017. – Т. 9. – С. 959-979
16. Singh, G. Agricultural mechanisation development in India // Indian journal of agricultural economics. – 2015. – Т. 70. – №. 1. – С. 64-82

17. Outlook O. F. A. Oecd-fao agricultural outlook 2021–2030 //Outlook. – 2021. – Т. 2030
18. Бюро национальной статистики. Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Отраслевая статистика. Статистика сельского, лесного, охотничьего и рыбного хозяйства. Валовый сбор сельскохозяйственных культур в Республике Казахстан. // <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/5099/>
19. АПК Новости. Информационное агентство Казахстана. Себестоимость выращивания пшеницы в Казахстане оценивается в 116 тыс. тенге/га. 22.01.2025. // <https://apk-news.kz/news/item-4954>
20. Буюнов С. Какой будет себестоимость пшеницы в Казахстане? 29.02.2024.// <https://eldala.kz/спеспроекты/18445-kakoy-budet-sebestoimost-pshenicy-v-kazahstane>
21. Официальный информационно-аналитический ресурс. Премьер-министра. Итоги года: В Казахстане получен рекордный урожай зерновых, проводится диверсификация посевных площадей и увеличен объем льготного финансирования до 580 млрд тенге. 06.12 2024. // https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-godanbspv-kazakhstan-poluchen-rekordnyy-urozhay-zernovykh-provoditsya-diversifikatsiya-posevnykh-ploshchadey-i-uvelichen-obem-lgotnogo-finansirovaniya-do-580-mlrd-tenge-29431?utm_source=chatgpt.com
22. Министерство сельского хозяйства РК, Доклад о состоянии агропромышленного комплекса. 2024.// <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=ru>
23. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан. (2024). Отчёт о закупе сельскохозяйственной техники. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa>
24. Комитет по статистике Министерства национальной экономики РК. (2024). Сельское хозяйство Республики Казахстан: статистический сборник. — URL: <https://stat.gov.kz/>
25. КазАгроФинанс. Лизинг сельхозтехники: условия, требования, программы поддержки [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.kaf.kz> (дата обращения: 11.05.2025)
26. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан. Пресс-релиз о мерах господдержки аграриев в 2024 году [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa> (дата обращения: 11.05.2025)
27. Постановление Правительства Республики Казахстан от 3 апреля 2024 года № 247 «О внесении изменений в Правила субсидирования инвестиционных вложений в агропромышленный комплекс». – Астана, 2024.
28. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан. Пояснительная записка к проекту изменений в субсидировании техники, утверждённая на общественном обсуждении 02.04.2024 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://legalacts.egov.kz> (дата обращения: 11.05.2025).
29. Оператор РОП. Программа утилизации сельскохозяйственной техники с выдачей скидочных сертификатов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.recycle.kz> (дата обращения: 11.05.2025).
30. Безкоровайная К. В. Казахстане начали принимать на утилизацию сельхозтехнику. 04.11.2020. [Электронный ресурс] — URL: <https://kz.kursiv.media/2020-11-04/v-kazakhstan-nachali-prinimat-na-utilizaciyu-selkhoztekhniku/>

REFERENCES:

1. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. No. 960. On approval of the Concept for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030. 12/30/2021. [Electronic resource] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960>
2. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Overview of the state of the agricultural machinery fleet in Kazakhstan. February 2019. Astana. [Electronic resource] — URL: https://agrardialog-kaz.de/wp-content/uploads/2020/06/agri.-machinery-in-kazakhstan-2018_ru-2.pdf
3. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Industry statistics. Statistics of agriculture, forestry, hunting and fisheries. Dynamic series. [Electronic resource] — URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/dynamic-tables/>
4. Kashakova, G. A., Rustembayev, B. E., Aimurzinov, M. S. Industrialization of the agro-industrial complex of Kazakhstan // Problems of the agro-market. - 2022. - No. 2. - P. 64-70.
5. Agribusiness Kazakhstan. In 2024, farmers of the Republic of Kazakhstan purchased 22.1 thousand units of agricultural machinery, the renewal rate was 5.5%. 05/25/25. // <https://agbz.kz/v-2024-godu-agrarii-rk-priobreli-22-1-tys-edinic-selkhoztekhniki-uroven-obnovleniya-sostavil-5-5/>
6. AUTOREPOR. Information and analytical agency. The agricultural machinery fleet in Kazakhstan is 76% worn out - Ministry of Agriculture. 07/18/2023. // https://autoreport.kz/review/park-selkhoztekhniki-v-kazakhstan-iznos-na-76-minselhoz?utm_source=chatgpt.com

7. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. MOA RK: the agricultural machinery fleet is being updated. 11/11/24. // <https://margin.kz/news/13932/msh-rk-park-selhoztekhniki-obnovlyaetsya/>
8. Ministry of Agriculture and Food of the Republic of Belarus. (2023). Updating the agricultural machinery fleet and support measures. [Electronic resource]. — URL: <https://agronews.by>
9. Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). (2020). Agricultural Mechanization in Brazil: Case Study. Rome: FAO. — URL: <https://www.fao.org/3/cb1637en/CB1637EN.pdf>
10. Ministry of Agriculture and Rural Affairs of the People's Republic of China. (2021). China Agricultural Mechanization Report. — URL: https://www.gov.cn/zhengce/zhengceku/2021-12/01/content_5654964.htm
11. European Commission. (2021). Rural Development Program of Finland 2014–2020. Directorate-General for Agriculture and Rural Development. — URL: https://ec.europa.eu/info/index_en
12. Ministry of Agriculture & Farmers Welfare, Government of India. (2022). Custom Hiring Centers and Mechanization Schemes. — URL: <https://agricoop.nic.in>
13. Ministry of Agriculture and Forestry of the Republic of Turkey. (2022). Agricultural Support and Mechanization Policies. — URL: <https://www.tarimorman.gov.tr>
14. Pingali, P. Agricultural mechanization: adoption patterns and economic impact // Handbook of agricultural economics. – 2007. – T. 3. – P. 2779-2805.
15. Daum, T., Birner, R. The neglected governance challenges of agricultural mechanization in Africa—insights from Ghana // Food Security. – 2017. – Vol. 9. – P. 959-979
16. Singh, G. Agricultural mechanisation development in India // Indian journal of agricultural economics. – 2015. – Vol. 70. – No. 1. – P. 64-82
17. Outlook O. F. A. Oecd-fao agricultural outlook 2021–2030 // Outlook. – 2021. – Vol. 2030
18. Bureau of National Statistics. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Industry statistics. Statistics of agriculture, forestry, hunting and fisheries. Gross harvest of agricultural crops in the Republic of Kazakhstan. // <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/5099/>
19. AIC News. Kazakhstan News Agency. The cost of growing wheat in Kazakhstan is estimated at 116 thousand tenge/ha. 01/22/2025. // <https://apk-news.kz/news/item-4954>
20. Buyanov S. What will be the cost of wheat in Kazakhstan? 02/29/2024. // <https://eldala.kz/specproekty/18445-kakoy-budet-sebestoimost-pshenicy-v-kazahstane>
21. Official information and analytical resource. Prime Minister. Results of the year: Kazakhstan received a record grain harvest, diversified crop areas and increased the volume of concessional financing to 580 billion tenge. 06.12.2024. // https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-godanbspv-kazahstane-poluchen-rekordnyy-urozhay-zernovykh-provoditsya-diversifikatsiya-posevnykh-ploshchadey-i-uvelichen-obem-igotnogo-finansirovaniya-do-580-mlrd-tenge-29431?utm_source=chatgpt.com
22. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Report on the state of the agro-industrial complex. 2024. // <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=ru>
23. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. (2024). Report on the purchase of agricultural machinery. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa>
24. Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan. (2024). Agriculture of the Republic of Kazakhstan: statistical digest. — URL: <https://stat.gov.kz/>
25. KazAgroFinance. Leasing of agricultural machinery: conditions, requirements, support programs [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.kaf.kz> (date of access: 11.05.2025)
26. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Press release on measures of state support for farmers in 2024 [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa> (date of access: 11.05.2025)
27. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 3, 2024 No. 247 "On Amendments to the Rules for Subsidizing Investments in the Agro-Industrial Complex". - Astana, 2024.
28. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Explanatory note to the draft amendments to the subsidization of machinery, approved at public discussion on 02.04.2024 [Electronic resource]. – Access mode: <https://legalacts.egov.kz> (date of access: 11.05.2025).
29. ROP Operator. Agricultural Machinery Recycling Program with Issuance of Discount Certificates [Electronic resource]. - Access mode: <https://www.recycle.kz> (date of access: 11.05.2025).
30. Bezkorovaynaya K. V. Kazakhstan has begun accepting agricultural machinery for recycling. 04.11.2020. [Electronic resource] - URL: <https://kz.kursiv.media/2020-11-04/v-kazahstane-nachali-prinimat-na-utilizaciyu-selkhoztekhniku/>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СЕКТОРЫН МЕХАНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАРЖЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ, ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫ

Рыспекова М. О.

экономика ғылымдарының кандидаты,
профессор,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: madina10081957@mail.ru

Хаитбаева Ф. К.

экономика ғылымдарының магистрі,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті КЕАҚ,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: feruza.khait@gmail.com

Сыздықбаева Н. Б.*

phD, профессордың м. а.,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті КЕАҚ,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: nurgul.010174@mail.ru

Учкампирова А. Б.

phD, қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: aygulya82@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада 2014-2024 жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығын механикаландыруды дамытуға әсер ететін заманауи экономикалық, қаржылық, өндірістік және институционалдық факторлар қарастырылады. Статистикалық мәліметтерді талдау және Ақмола облысындағы 369 механизатордың сараптамалық сауалнамасы негізінде машина-трактор паркін жаңартудағы негізгі кедергілер анықталды: жабдықтардың тозуы, лизинг пен несиеге қолжетімділіктің шектелуі, импорттық техниканың қымбаттығы, субсидиялау шарттарының теңсіздігі, оқшаулау деңгейінің төмендігі және сервистің нашар дамуы.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында 2020-2024 жылдарға арналған мемлекеттік қолдаудың тиімділігіне ерекше назар аударылады [1]. Шетелдік тәжірибеге (Беларусь, Үндістан, Бразилия, Қытай, Түркия, Финляндия) салыстырмалы талдау жүргізіліп, субсидиялаудан цифрландыруға дейінгі кешенді шаралардың тиімділігі көрсетілді.

Субсидияланатын жабдықтардың тізбесін кеңейту, мемлекеттік қолдау рәсімдерін цифрландыру, жалға беру орталықтарын құру бойынша практикалық ұсыныстар ұсынылды.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі жағдайды жүйелі талдау, сараптамалық бағалау және табысты халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартудың теңгерімді тәсілін әзірлеу.

Нәтижелер мемлекеттік аграрлық саясатты және агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық шешімдерді қалыптастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: механикаландыру, ауыл шаруашылығы техникасы, агроөнеркәсіп кешені, мемлекеттік қолдау, инвестиция, өндірістік фактор, халықаралық тәжірибе, қаржы.

MODERN FINANCIAL-ECONOMIC, INSTITUTIONAL, PRODUCTION FACTORS OF DEVELOPMENT OF MECHANIZATION OF THE KAZAKHSTAN AGRICULTURAL SECTOR

Ryspekova M. O.

candidate of economics, professor,
NAO Zhetysu University
named after I. Zhansugurova,
d. Taldykorgan,
Republic of Kazakhstan
e-mail: madina10081957@mail.ru

Khaitbaeva F. K.

Master of Economic Sciences,
NAO Zhetysu University
named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan,
Republic of Kazakhstan
e-mail: feruza.khait@gmail.com

Syzdykbayeva N. B.*

PhD, Acting Professor,
NAO Zhetysu University
named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan,
Republic of Kazakhstan
e-mail: nurgul.010174@mail.ru

Uchkampirova A. B.

PhD, associate Professor,
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana,
Republic of Kazakhstan
e-mail: aygulya82@mail.ru

Abstract: This article examines the contemporary economic, financial, production, and institutional factors influencing the development of agricultural mechanization in Kazakhstan over the period from 2014 to 2024. Based on statistical analysis and a survey of 369 machine operators in the Akmola region, key barriers to the renewal of the machine and tractor fleet were identified: equipment deterioration, limited access to leasing and credit, high cost of imported machinery, unequal subsidy conditions, low content in machinery production, and underdeveloped service infrastructure. Special attention is given to the effectiveness of state support in 2020–2024 under the Agricultural Development Concept of the Republic of Kazakhstan for 2021–2030. A comparative analysis of international experience (Belarus, India, Brazil, China, Turkey, Finland) demonstrates the effectiveness of comprehensive measures ranging from subsidies to digitalization. Practical recommendations are proposed, including expanding the list of subsidized equipment, digitizing support procedures, and establishing machinery rental centers. The aim of the study is to develop a balanced approach to accelerating the renewal of agricultural machinery in Kazakhstan through systemic analysis, expert assessments, and the study of successful foreign practices. The findings have practical value for public authorities, agribusinesses, and investors interested in the sustainable development of the agricultural sector.

Keywords: mechanization, agricultural machinery, agro-industrial complex, state support, investments, production factor, international experience, finance.

Шоқан Р.

экономика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана қ., Қазақстан

e-mail: roza-shokan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл жұмыстың мақсаты – туризм саласын дамытуға бағытталған инвестициялық қызметтің қазіргі жай-күйін талдау.

Жұмыстың негізгі бөлігінде туристік-рекреациялық әлеуеті жоғары туристік дестинацияларда жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға қатысты сұрақтар қарастырылады. Инфрақұрылымды, экотуризмді, емдік-сауықтыру және курорттық аумақтарды дамытуға назар аударып, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жүзеге асырылып жатқан ағымдағы және перспективалық инвестициялық жобаларға талдау жасалады. Сонымен қатар, туристік салаға ішкі және сыртқы инвестицияны тартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына назар аударылады. Қолайлы инвестициялық ахуалды құруға ықпал ететін салықтық жеңілдіктер, оңайлатылған әкімшілік рәсімдер мен субсидия сияқты инвестициялық преференцияларды берудің қолданыстағы тетіктері талданады және құқықтық актілерге назар аударылады.

Қазақстан Республикасындағы туристік саланы дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында қарастырылған саланы дамытудың негізгі қағидаттарына және тәсілдеріне тоқталған. Отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымдылығы жоғары, сондай-ақ саланың ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму мүмкіндігі бар туристік дестинациялардың әлеуетіне назар аударылған.

Зерттеу барысында ғылыми жалпылау, жүйелеу, талдау және салыстыру сынды әдістер қолданыс тапты. Зерттеу нәтижелері туризм саласына инвестиция бағыттауға және тартуға бағытталған іс-шараларды жетілдіруге негіз бола алады.

Түйін сөздер: экономика, туризм, сала, инвестиция, жоба.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта туризм саласы елдер мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін экономиканың қарқынды даму үстіндегі салаларының бірі болып отыр. WWTC жылдық есебіне сәйкес 2024 жылы туризм және қонақжайлылық индустриясы әлемдік экономиканың драйверіне айналып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізеді деп болжанған. Әлемде жұмсалған әрбір оныншы доллар осы салаға қатысты болмақ. Тұтынушылар қонақ үйлерге, круиздерге және әуе билеттеріне тапсырыстарын арттыруда. Бұл қазіргі тұтынушылардың өмірінде туризмнің маңыздылығы басым екенін көрсетеді. 2024 жылға жасалған болжам бойынша жаһандық жалпы ішкі өнімдегі туризмнің үлесі 11,1 трлн долларды немесе әлемдік ЖІӨ-нің 10%-ын құрайды. Сонымен қатар осы саладағы жұмыс орын саны да өсіп, 348 млн жұмыс орнына сәйкес келмек [1]. Туризм саласы – COVID-19 пандемиясынан кейін жылдам қалыпқа келу үрдісін бастап кешіріп жатқан салалардың бірі болып отыр. ДТҰ-ң әлемдік туризм барометрінің деректеріне сәйкес 2024 жылдың алғашқы тоғыз айында әлем бойынша шамамен 1,1 млрд турист халықаралық саяхат жасады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға көп, ал 2019 жылмен салыстырғанда 2%-ға аз [2]. Саланың даму қарқыны бойынша Таяу Шығыс, Еуропа және Африка құрылықтары оң өзгерістерге ие болуда. Саланың мұндай өзгерісіне туристік қызметтерге сұраныстың артуы, әлем экономикасындағы оның үлесінің жоғарылауы және саладағы жаңа жұмыс орындарын ашудағы белсенділік деп тұжырымдауға болады.

Қазақстанда 2023 жылы экономикалық қызмет түрлері бойынша қызмет көрсететін 61810 бірлік кәсіпорын мен жеке кәсіпкерлер тіркелсе, оның 2,1%-ы немесе 1324 бірлігі спорт қызметтері және демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсеткен [3]. Осы мерзімде спорт қызметтері және демалысты ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 813623741,3 мың теңгені құрады және туристік кәсіпорындардың қызметін 10634165 адам тұтынған [4].

Туризмнің қалыпты дамуы тікелей салаға жұмсалған инвестиция көлеміне байланысты. Туризмге жұмсалған инвестиция бұл пайда алу, инфрақұрылымды жетілдіру, көрсетілетін туристік қызметтердің сапасын жақсарту не өңірдің экономикалық өсуіне ықпал ету мақсатында туризм индустриясын дамытуға қаржылық, материалдық және интеллектуалдық ресурстарды салу дегенді білдіреді. Туристік саладағы инвестиция орналастыру орындары мен қонақ үйлер, ойын-сауық нысандарының құрылысын жүргізуді, көлік-тасымалдау және коммуналдық инфрақұрылым желілерін дамытуды, саладағы жаңа стартап идеяларды қолдауды, туристік дестинацияның объектілерін нарықта ілгерілетуді, туристік қызмет көрсету салаларының қызметін оңтайландыру мақсатында заманауи цифрлық технологияларды енгізуді қамтиды. Бұл тұжырымдамалар туризм саласын қаржыландырудың маңыздылығын айқындайды.

Мақаланың мақсаты – туристік саладағы инвестициялық қызметтің ағымдағы жағдайын және туристік дестинацияларда іске асырылатын басым инвестициялық жобаларды талдау сонымен қатар салаға инвестиция тарту шараларын қарастыру.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- туризм саласын инвестициялауға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге шолу жасау;
- туризм саласына бағытталған ағымдағы инвестициялық ресурстарды талдау;
- қолданыстағы туристік саланы қолдау тетіктерін қарастыру және салаға инвестиция тарту бойынша ұсыныстар беру.

Мақаланың ғылыми жаңалығы туристік саланы дамытудың маңыздылығы мен саланы қаржыландырудың теориялық және тәжірибелік негіздерін саралаудан тұрады. Мақала нәтижелері туристік саланы дамыту үшін инвестиция тартудың тетіктерін жүйелендіруге бағытталған, бұл туристік саланың тартымдылығы мен сұранысқа ие болуына негіз болады.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

«Инвестиция» ұғымы латын тілінің «invest» сөзінен енген [5], қазақ тіліне «салу, жайғастыру, жұмса» деп аударуға болады. Нарықтық экономика орысша-қазақша түсіндірме сөздік-анықтамалықта: инвестиция ұғымына «капиталдың ел ішіндегі және шетелдегі экономикаға ұзақ мерзімді жұмсалымы; кәсіпкерлік қызметтің және нәтижесінде пайда (табыс) құралатын немесе әлеуметтік тиімділікке қол жеткізілетін қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне жұмсалған мүлктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлері» - деп түсініктеме берілген [6]. Кез келген саланың қалыпты жұмыс істеуі мен экономикалық өсімге ықпал салаға жұмсалатын инвестицияның, жобалардың қаржыландырылуы мен инфрақұрылымның қалыптасуына байланысты. Туризм саласын қаржыландыру сұрақтарымен айналысып жүрген кейбір ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайтын болсақ, Moosa I.I (2024) туристік салаға тікелей шетелдік инвестицияның экономикалық өсуге, кедейшілікті азайтуға және экологиялық тұрақтылық тұрғысынан әсерін зерттеуге назар аударған. Экономикалық өсуді, кедейшілікті азайту және экологиялық тұрақтылықты қолдау үшін ел үкіметтері туризм секторына тікелей шетелдік инвестицияны тартуы саясатын әзірлеуі керек және мұндай саясат «жасыл» бастамаларды ынталандыруда да маңызды болмақ [7]. Келесі бір еңбекте авторлар тобы туристік индустриядағы инвестициялық ортаны тұжырымдаудың адаптивті-институционалдық тәсіліне назар аударып, халықаралық туристік индустрияда туристік ағымның өсуі мен инфрақұрылымды дамытуды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ортаны құру қажеттілігіне басымдық берген [8]. Тікелей шетелдік инвестиция мен туристік сектор жалпы дамуға тура және жанама ықпал ететін сонымен қатар дамушы елдердің шетел валютасына қажеттілігін

қанағаттандыратын маңызды фактор және тікелей шетелдік инвестиция дамушы елдер үшін капиталды инвестициялаудың негізгі көзіне айналып, қабылдаушы елдің экономикалық өсуіне және дамуына қажет технологияларды, дағдыларды, өнімділікті және басқару саласындағы тәжірибені арттырудың құралы ретінде қызмет етеді [9]. Жаһандық деңгейде туризм – дамушы елдердің экономикасы үшін жергілікті халықтың өмірін жақсартатын бірегей және маңызды қызмет көрсету саласы ретінде танылған. Туризмге бағытталған инвестиция мемлекеттерге экономикалық әсер етеді, оның ішінде жалпы экономикалық белсенділік, қонақ үй кәсіпорындары, тауарлар мен қызметтер, мейрамхана және тамақтандыру орындары, қолөнер бұйымдары, ойын-сауық мекемелері, демалыс орындарының жақсаруы мен инфрақұрылымның дамуына әсерін тигізеді [10]. Туризм саласына бағытталған инвестициялық қызметті зерттеген ғалымдардың тағы бірі, халықаралық туризмнің дамуына инфрақұрылымға салынған инвестицияның оң әсер ететіндігіне, Қытайдың жоғары жылдамдықты теміржол құрылысын жеделтеу саясаты туристік белсенділікті арттыратын тетік екендігіне назар аударған [11]. Авторлардың келесі тобы, туристік индустрияға салынған инвестицияның тиімділігін бағалаудың ұйымдастырушылық-экономикалық аспектілерін қарастырып, салаға жұмсалған инвестиция мөлшерінің ауқымына байланысты оның тиімділігі әртүрлі өзгерістерге әкелетінін тұжырымдаған. Инвестицияның және тәуекел деңгейінің ауқымдылығы үлкен, ірі инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың ұйымдастырушылық-экономикалық аспектілері негізінде тиімділікті бағалау көрсеткіштерін есептеудің әдіснамасында сандық технологияларды пайдаланып, мұқият инвестициялық талдауды талап ететінін сипаттаған [12].

Осылайша, туризм саласын инвестициялау сұрақтарына назар аударған ғалымдардың еңбектеріне жасалған шолулар жалпы туристік саланың дамуы мен инвестициялық салымдар арасында тура байланыс бар екенін көрсетіп отыр. Салаға жұмсалған инвестиция туристік инфрақұрылымды қалыптастыруға, жаңғыртуға және жетілдіруге тікелей әсер ететінін көрсетті. Ал, туризмге бағытталған инвестиция ел ішіндегі экономикалық белсенділікке, қызмет көрсету кәсіпорындарының ұйымдастырылуына, тауар өнеркәсібі мен қызметтің көрсетілуіне, инновацияның енгізілуіне әсерін тигізеді.

ӘДІСТЕР

Мақала туризм саласындағы инвестициялық қызметтің аспектілерін қарастырған іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін көрсететін ғылыми еңбектерге негізделген. Сонымен қатар, Дүниежүзілік саясат және туризм кеңесінің (WWTC (World Travel and Tourism Council)), Дүниежүзілік туристік ұйымның, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінің құжаттары мен көрсеткіштері мақаланың талдамалық дереккөзін құрады.

Туризм саласындағы инвестициялық үрдіс мақаланың зерттеу объектісі болып таңдалған.

Мақаланы жазу барысында төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды:

- библиографиялық әдіс – зерттеу объектісі шеңберінде жазылған шетелдік, отандық авторлардың еңбектерін, нормативтік құжаттарды, халықаралық және ұлттық ұйымдардың есептерін жинауға, талдауға және жүйелеуге мүмкіндік берді.
- салыстыру әдісі – туризм саласының нақтырақ орналастыру, тамақтану, ойын-сауық және демалыс салаларындағы негізгі капиталға жұмсалған инвестициялық көрсеткіштерді салыстыру үшін қолданылды.
- экономикалық-статистикалық әдіс – статистикалық деректерді талдау және туризм саласындағы инвестициялық үрдістің даму қарқыны мен тенденцияларын анықтау үшін пайдаланылды.
- графикалық әдіс – аналитикалық көрсеткіштерді өңдеу мақсатында қолданылды, бұл зерттеу нәтижелерінің визуалды қабылдануына мүмкіндік береді.
- жүйелендіру және жалпылау әдістері зерттеу нәтижелерін тұжырымдауға негіз болды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Туризм саласындағы инвестиция дегеніміз пайда алу мақсатында инвесторлардың өз капиталдарын туристік бизнеске бағыттауы. Капитал – туризм индустриясының қарқынды дамуына әсер ететін факторлардың бірі және оның көлемі мен түрі төмендегі жағдайлармен анықталады:


- 1) ұзақ мерзімді болашақта туристік саланың даму жағдайы;
- 2) қаржылық-экономикалық нәтиженің болашақ көрсеткіштері;
- 3) туристік орындар мен кәсіпорындардың сапа көрсеткіштері;
- 4) туристік объектілердің сиымдылығы, өндірістік қуаттылығы, олардың жүктемеге қабілеті;
- 5) туристік индустрияның құрылымдық салалармен (көлік, қонақ үйлер, тамақтандыру орындары және т.б.) өзара тәуелді дамуы;
- 6) сұраныс пен ұсыныс құрылымы (туристік бәсекелестік орта) [13].

Бірқатар әлем елдерімен бірге Қазақстан Республикасы да туризмді дамытудың мақсаттылығы мен оның ұлттық экономикаға тигізетін оң әсері жоғары болатынына назар аударып отырғаны белгілі. Туристік саланың дамуы валюталық түсімді арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, қосалқы қызмет көрсететін салалар мен қатар дайын тауар өнеркәсібін де жандандыруға ықпал ететіні анық. Сондықтан елде кіру және ішкі туризм ағымын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен қатар инвестициялық жобалар дайындалып іске асырылып жатыр.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес [14] туристік секторды үш бағыт бойынша яғни бірінші бағыт: логистика, туризм инфрақұрылымын құру және дамытуға; екінші бағыт: саланың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, сервис сапасын арттыру мен цифрландыруға; үшінші бағыт: мемлекеттің туристік әлеуетін өңірлік және халықаралық деңгейде ілгерілету, сонымен бірге ел аумағында MICE туризмді дамытуға бағдарланған. Осы бағыттар бойынша қол жеткізілуі мүмкін нысаналы индикаторлардың болжамды көрсеткіштері анықталды. Бірінші бағыт бойынша туризм саласындағы жалпы қосылған құнның көлемін 2029 жылы 6,3 трлн теңгеге дейін өсіру жоспарланған. Кез келген экономика саласының дамуы мен қалыпты жұмыс істеуі саланың инфрақұрылымының жағдайына тәуелді. Осыған байланысты аталмыш тұжырымдамада туристік дестинациялардың ресурстық әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік туғызу үшін көлік-тасымалдау, логистиканы дамыту мақсатында «Астана-Қарағанды-Балқаш-Бурылбайтал-Құрты-Қапшағай» автомобиль жолында, «Талдықорған-Өскемен» «Қарағанды-Баянауыл-Қалқаман» жол бағыттарында автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу жұмыстары жоспарланған. Туристік белсенділігі жоғары Щучье-Бурабай курорттық аймағында инженерлік желілерді салу, Бурабай көліне дейін Үлкен Шабқты көлінің жағалауы бойымен велосипед және жаяу жүргіншілер жолын салу инвестициялық жобалары қарастырылған.

Екінші бағыт бойынша туризм саласының дамуына қолайлы жағдай жасау, сервис сапасын жоғарылату және цифрландыруды дамыту жұмыстарымен бірге, туризм саласындағы жұмыспен қамтуды 800 мың адамға дейін ұлғайту қарастырылған.

Үшінші бағыттың нысаналы индикаторы бойынша келушілерді орналастыру және тамақтандыру қызметтеріндегі инвестицияның мөлшері келесідей болжанған (1-сурет).



1-сурет. Тұру және тамақтану қызметтер саласындағы инвестиция мөлшері, болжам
Ескерту: [14] әдебиет көзі негізінде әзірленген

Мемлекеттің туристік әлеуетін арттыру үшін аталмыш бағдарламада қарастырылған нысаналы индикатор шеңберінде қонақ үй және тамақтандыру қызметтерін көрсететін салаларға жұмсалатын инвестиция мөлшері 2023-2029 жылдар аралығында бір есеге дейін жоғарылап, 2029 жылы 260 млрд теңге қаражат игеріледі (1-сурет). Астана қаласында («Ellington» туризм саласындағы инвестициялық жобасын іске асыру), Маңғыстау облысында («Жылы жағажай» инвестициялық жобасы), Түркістан облысында («Қасқасу» туристік-рекреациялық орталық құру) бірқатар туристік инвестициялық жобалар іске асырылмақ.

2019-2023 жылдар аралығындағы мемлекеттің инвестициялық және құрылыс қызметтері саласындағы көрсеткіштеріне талдай жасайтын болсақ. Туризм индустриясын құрайтын қонақ үй және тамақтандыру, өнер, ойын-сауық және демалыс объектілерінің құрылысына жұмсалған инвестиция көлемінде өсу байқалады (1-кесте).

1-кесте. Негізгі капиталға жұмсалған инвестиция, млн теңге

Атауы	2019	2020	2021	2022	2023
Жалпы инвестиция –барлығы	12576 793	12270 144	13242 233	15064431	18043687
оның ішінде:					
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету саласы	148385	143236	173730	131095	143871
Өнер, ойын-сауық және демалыс	155896	351043	264499	249164	298630
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету саласының үлесі (%)	1,2	1,2	1,3	0,9	0,8
Өнер, ойын-сауық және демалыс саласының үлесі (%)	1,2	2,9	1,9	1,7	1,7

Ескерту: [15,16] негізінде әзірленген

Мәселен, 1-кестеде көрсетілгендей 2019 жылы жалпы инвестициядағы тұру және тамақтану саласына жұмсалған инвестицияның үлесі 1,2%-ды; 2023 жылы 0,8%-ды құраған. Өнер, ойын-сауық және демалыс саласының үлесі 2019 жылы 1,2%-ды құрасса, ал сәйкесінше 2023 жылы 1,7%-ға жоғарылаған. Туризм индустриясы салаларына жұмсалған инвестиция мөлшерінің жалпы инвестициядағы үлесі айтарлықтай төмен екенін байқауға болады. Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көздерін бюджеттік қаражат, меншікті қаражат, банктердің кредиттері құрап отыр. Тұру және тамақтану қызметтерін ұсынатын салалар мен ойын-сауық индустриясы саласына жұмсалған инвестицияның ішінде меншікті қаражаттың үлесі басым. Туризм саласына жұмсалған инвестиция, саланың қызмет көрсету қуатын арттыруға, жұмыс орындарын ашуға, жаңа тұтынушыларды тартуға мүмкіндік беретінін ескерсек, мемлекетте туристік дестинацияларды дамытуға бағытталған инвестициялық салымдар өңірдің тартымдылығы мен сұраныс туғызу мүмкіндіктеріне бағдарлануда. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2021 жылы қабылдаған «Туристендіру картасын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес табиғат, мәдениет, тарих, сәулет өнері және т.б. белгілеріне негізделі отырып, ел аумағындағы туристік дестинациялар өңірлік және республикалық маңыздылығы бойынша 68 туристік дестинацияға жіктелген [17]. Осы жіктемеге сәйкес маңыздылығына қарай инвестициялық жобалар жасалып, дестинацияларды дамытудың алғышарттары іске асырылып жатыр.

Туристік дестинация қызметтеріне сұраныс білдірген ішкі туристердің саны 2024 жылдың тоғыз айында 6 млн адамға, орналастыру орындарының табысы 224 млрд теңгеге және инвестиция көлемі 668,1 млрд теңгеге жеткен. Саланың экономикалық көрсеткіштерінің өсу қарқыны талдауға алынған жылдар ішінде жоғарылаған. Туристік салаға жұмсалған инвестиция мөлшерін инвестициялық жобалар негізінде талдайтын болсақ, «Астананың туристік ауданы» туристік жобасының құны 194 млрд теңге, жоба нәтижесінде екі мыңға жуық жұмыс орындары ұйымдастырылады және жоба өзінің толық қуатына ауысқан кезде жыл сайын 10 млрд теңгенің салық аударымдарын құрайды деп күтіліп отыр. Бұл жоба 2026 жылы аяқталады деп жоспарланған. Отандық туризм саласында ауқымды инвестиция жұмсалу көзделіп отырған келесі жоба – Маңғыстау облысы, Каспий жағалауы «Жылы жағажай» жобасы шеңберінде жағажай курорты, отель-гольф, вилла кешені, аквапарк және ойын-сауық орталығы тәрізді жобалар қарастырылған. Жобаның құны 137,4 млрд теңге, ашылатын жұмыс орын саны 5 мың, ал жобаның жүзеге асырылуы 2026 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Аталмыш жоба жағажай инфрақұрылымын құруға, сауда орталықтары мен қонақ үй кәсіпорындарын дамытуға мүмкіндік береді (2-кесте).

2-кесте. Туризм саласында іске асырылатын инвестициялық жобалар

Инвестициялық жоба атауы	Инвестиция құны	Жобаны іске асыру мерзімі	Жобалық қуаты мен жұмыс орын саны	Жоба іске асырылатын дестинация
«Астана туризм» көп функционалды туристік аудан	194 млрд тг	2026	2000 жұмыс орны	Астана қ.
«Жылы жағажай» кешені	137,4 млрд тг	2024-2026	5000 жұмыс орны	Маңғыстау облысы
Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылында Wellness Resort санаторий-сауықтыру кешенінің құрылысы	8000 млн тг	2024-2026	106 жұмыс орын	Шығыс Қазақстан облысы
Terrasport көпфункционалы кешенінің құрылысы	1800 млн тг	2024-2026	40 жұмыс орын	Шығыс Қазақстан облысы
Sirius plus апартаменттері бар қонақ үй-емдеу-сауықтыру кешенін салу	1782 млн тг	2021-2026	15 жұмыс орын	Ақмола облысы

Инвестициялық жоба атауы	Инвестиция құны	Жобаны іске асыру мерзімі	Жобалық қуаты мен жұмыс орын саны	Жоба іске асырылатын дестинация
Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі экотуризмді тұрақты дамыту жобасы	1 200 млн тг	2019-2026	80 жұмыс орын	Алматы облысы
Эко-қалашық салу мен жағажайды абаттандыру	620 млн тг	2023-2026	60 жұмыс орын	Павлодар облысы
AqBura Resort курорттық аймағының құрылысы	100 000 млн тг	2019-2035	600 жұмыс орын	Ақмола облысы

Ескерту: [18,19] әдебиет көзі негізінде әзірленген

Кейбір әлем елдерінде мемлекет табысының ауқымды бөлігін құрап отырған туристік саланың Қазақстандағы даму қарқынын арттыру мақсатында инвестициялық жобалар қабылданып, жүзеге асырылып жатқанын жоғарыдағы кестедегі (2-кесте) деректерден байқауға болады. Туризм индустриясы қызмет көрсететін салаларды қамтитынын ескеретін болсақ, инвестициялық жобалардың ішінде орналастыру орындарының, емдік-сауықтыру мекемелерінің, санаторий-сауықтыру кешендерінің құрылыстарын жүргізу, эко-қалашық пен жағажайды абаттандыру, курорттық аймақты дамыту жобалары бар. Жобалар негізінен туристендіру картасы шеңберінде айқындалған Ақмола, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар тәрізді туристік дестинацияларда іске асырылмақ. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жергілікті аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін береді. Жаңа жұмыс орындарының ұйымдастырылуына, көрсетілетін қызметтердің артуына, инфрақұрылымның дамуына, жергілікті не республикалық бюджетке бағытталған салық түсімдерінің өсуіне мүмкіндік туғызады.

Туризм – экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде танылған сала. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында туризмге инвестиция тарту, ішкі әуе тасымалының дамуы туристік нысандардың инфрақұрылымын жақсартуға әсер ететіні және туризм жобаларын іске асырғанда табиғи ортаға залал келтірмей, экологияны сақтауға назар аудару керегі қамтылған [20]. Мемлекеттің туристік әлеуетін пайдалану керегін және туризмнің серпінді жобалар қатарында болуы көрсетілген [21]. Сонымен қатар, туристік-рекреациялық ресурстарды қолдану арқылы туризм саласында кәсіпкерлікті ұйымдастыру әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға басымдық беруге назар аударылған [22].

Туризм саласын мемлекеттік қолдау шаралары іске асырылып келеді. Туризм саласындағы нысаналы жобаларға бөлінетін субсидия, гранттар не салықтық жеңілдіктер тәрізді мемлекеттік қолдау тетіктері туристік секторға инновацияны енгізуге мүмкіндік береді [23].

Қазіргі уақытты туризм саласын мемлекеттік қолдаудың келесідей тетіктері қабылданып, іске асырылуда (3-кесте).

3-кесте. Туризм саласын қолдау шаралары


Қолдау бағыты	Қолдау тетігі	Нормативтік құжат түрі
Әрбір шетелдік турист үшін келу туризмі саласындағы туроператорлардың шығындарын субсидиялау	Туроператор шығынының 15000 теңге көлемінде субсидиялау	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 387 бұйрығы
Тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техника сатып алу бойынша кәсіпкерлік субъектілердің шығындары құнының бөлігін өтеу	Шығын құнының 25%-ын өтеу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 407 бұйрығы

Қолдау бағыты	Қолдау тетігі	Нормативтік құжат түрі
Қазақстан Республикасының аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуемен тасымалдау кезінде туристік өнімге енгізілген билеттің құнын субсидиялау	Балалар авиабилетінің 100%-ын субсидиялау	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 375 бұйрығы
Жүргізушінің орнын қоспағанда, отыруға арналған сыйымдылығы сегіз орыннан асатын автокөлік құралдарын сатып алу жөніндегі туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері шығынының бөлігін өтеу	Шығынның 25%-ын өтеу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 412 бұйрығы
Кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу жөніндегі шығынының бөлігін өтеу	Шығынның 10%-ын өтеу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 411 бұйрығы
Санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға бағытталған кәсіпкерлік субъектілері шығындарын субсидиялау	Шығынның ай сайын 83 300 теңге көлемінде субсидиялау	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 382 бұйрығы
Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу	Шығынның 10% өтеу	ҚР мәдениет және спорт Министрінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 415 бұйрығы

Ескерту: [24] әдебиет көзі негізінде әзірленген

Республикада туризм саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шараларының бірқатары көрсетілген жоғарыда берілген кестеге сәйкес шығындарды субсидиялау, шығынның бір бөлігін өтеу, басым туристік аумақтарда жүзеге асырылатын туристік жобаларға Кәсіпкерлік кодексінде көрсетілген инвестициялық преференциялар беруді [25,26] (заттай гранттар, кедендік әкелу баждан, салық салудан босату оның ішінде есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын жүз пайызға азайту; жер салығының мөлшерлемесіне нөл коэффициентін қолдау; мүлік салығын салықтық базаға нөл пайыз мөлшерлемесі бойынша есептеу) қарастырады.

Қазіргі уақытта мемлекетте туристік-рекреациялық әлеуеті жоғары және туристік қызметті көрсетуге мүмкіндігі бар курорттық аумақтар (Щучье-Бурабай; Алматы; Баянауыл; Қарқаралы; Маңғыстау; Сарыағаш; Алтай; Зеренді; Балқаш; Имантау-Шалқар; Байқоңыр; Қатон-Қарағай; Түркістан және т.б. барлығы 21 туристік дестинация) жұмыс істеп жатқандығы белгілі. Көрсетілген туристік дестинацияларда инвестициялық жобаларды іске асырудың болашағы бар. Сонымен қатар, жалпы туристік саланы дамыту және оған инвестиция тарту үшін теориялық және тәжірибелік сипаттағы шаралардың кешенін ұсынуға болады (2-сурет).



2-сурет. Туризм саласына инвестиция тарту бойынша шаралар кешені

ҚОРЫТЫНДЫ

Ішкі және кіру туризмін дамыту – мемлекеттік саясаттың басымдықты бағыттарының бірі [27]. Туризмді ішкі, шетелдік туристерді тартуға жарамды бәсекеге қабілетті салаға айналдыру мақсатында заңнамалық, экономикалық тетіктер жүйелендіріліп, іс-шаралар кешені орындалып жатыр.

Біріншіден, басым туристік аумақтардың айқындауға мүмкіндік беретін туристік аумақтар картасы жасалып, топ туристік дестинациялар белгіленді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, басым туризм түрлері айқындалды. Оның ішінде экологиялық туризм, агротуризм, этнографиялық туризм және қолөнер, кемпингтік туризм және автокеруен; балалар-жасөспірімдер туризмі және жастар туризмі; емдік-сауықтыру және медициналық туризм; MICE туризмді дамытуға назар аударылуда.

Үшіншіден, туристік дестинацияларда логистика, туризм инфрақұрылымын құру және дамыту, жол дәліздерін жөндеу және қайта жөндеу; сервис сапасын жақсарту мен саланы цифрландыру жұмыстарын жүргізумен қатар, қонақ үй және тамақтандыру салаларын дамытуға назар аударылып, инвестициялық жобалар әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр.

Төртіншіден, туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында басым туристік аумақтарда жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау тетіктері мен жеңілдіктер жүйесі айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Travel industry to contribute record \$11 trillion to global GDP in 2024 By Doyinsola Oladipo <https://surl.li/qygnyz>
2. Word tourism barometer/Volume 22, Issue 4 November 2024 <https://surl.li/eivonv> 3. Қазақстан Республикасындағы көрсетілген қызметтердің көлемі туралы 2023 жыл, 11 серия Көрсетілетін қызмет статистикасы / Электрондық ресурс.-URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/spreadsheets/>(жүгінген күні: 10.12.2024).
3. Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсалған шығыстары туралы 2023 жыл, 13 серия Туризм статистикасы Электрондық ресурс.-URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>(жүгінген күні: 10.12.2024).
4. Маркова Г.В. Экономическая оценка инвестиций: учебное пособие. – Москва: КУРС: ИНФРА-М, 2020.- 144с.
5. Рыночная экономика. Русско- казахский толковый словарь-справочник/Под редакцией М.Р. Насыровой.- Алматы: Білім, 1995- 608с.
6. Moosa Iyad Ibrahim Foreign direct investment in tourism: a systematic review of literature// Journal of Tourism Quarterly 2024, 6 (1-2), 32-38
7. Zaytseva, V. M., Tsviliy, S. M., Demko, V. S., Klopov I. O., & Kovalenko, V. L. (2024). Internalization of the Investment Environment in the International Tourism Industry. Apuntes del Cenes, 43(78). Págs. 43 - 75. <https://doi.org/10.19053/uptc.01203053.v43.n78.2024.16971>
8. The relationship between foreign direct investment and tourism sector: the jamaican case A. Sarialioğlu Hayali , A. Küçükosman , Kolee M. Kpartor // International Journal of Economic and Administrative Studies 2021 (31):229-246 ISSN 1307-9832
9. Merith Ifeoma Anaba, Goh Hong Ching, Muhammad Mehedi Masud Factors influence residents' investment decision for tourism industry development// International Journal of Applied Economics, Finance and Accounting ISSN 2577-767X Vol. 16, No. 1, pp. 66-76. 2023 DOI: 10.33094/ijaefa.v16i1.890
10. Shiqiang SunPingzhang Lv The impact of new infrastructure investment on the international tourism industry: new evidence from China// <https://surl.li/vkpdhb>
11. Левченко Т.П.Организационно-экономические аспекты оценки эффективности инвестиций в индустрии туризма// Теоретические и прикладные аспекты развития сферы рекреации и туризма № 2 (14) 2022 С. 4-11.
12. Манько Е.А. Инвестирование и мультипликативный эффект в индустрии туризма// Наука молодых - будущее России. сборник научных статей 4-й Международной научной конференции перспективных разработок молодых ученых: в 8 томах. 2019. С. 70-73.
13. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы/ ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (жүгінген күні: 11.11.2024).
14. Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы/ Электрондық ресурс. URL: <https://stat.gov.kz/>,
15. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі Статистикалық жинақ 2017-2021жж. Астана 2022, 203бет.
16. Туристендіру картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 332 бұйрығы / ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс.-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100> (жүгінген күні: 11.11.2024).
17. Инвестициялық жобалардың жалпы ұлттық пулы/ «Kazakh invest» ҰК» АҚ ресми сайты. Электрондық ресурс. URL:<https://surl.li/ejvata> (жүгінген күні: 12.11.2024).
18. Инвестициялық жобалар/ Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің сайты. Электрондық ресурс. URL: <https://surl.li/jjprmm> (жүгінген күні: 13.11.2024).
19. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдау/ ҚР Президентінің ресми сайты. Электрондық ресурс.-URL: <https://surl.li/jminvg> (жүгінген күні: 13.11.2024).
20. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдау/ ҚР Президентінің ресми сайты. Электрондық ресурс.-URL: <https://surl.li/xswery> (жүгінген күні: 13.11.2024).
21. «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдау/ ҚР Президентінің ресми сайты. Электрондық ресурс.-URL: <https://surl.li/btdbwy> (жүгінген күні: 13.11.2024).

22. Туризмдегі кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық құралдары: салық саясаты//Тлеубердинова А.Т., Салауатова Д.М., Мемлекеттік аудит №2 (59) 2023, 11-18 б.

23. Туризм саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат/ Электрондық ресурс.-URL: <https://surl.li/fhhvfx> (жүгінген күні: 13.11.2024).

24. Басым туристік аумақтарды қалыптастыру, олардың жұмыс істеу және оларды басқару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 386 бұйрығы. / ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс.-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025846> (жүгінген күні: 14.11.2024).

25. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ., 286, 290-баптар / ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс.-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (жүгінген күні: 14.11.2024).

26. Ішкі туризмді дамыту, онлайн-платформаларды кеңейту және Қазақстанда демалатын орындардың топ-10 – Kazakh Tourism/ ҚР Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы. Электрондық ресурс.-URL: <https://surl.li/rmjyqs> (жүгінген күні: 15.11.2024).

REFERENCES:

1. Travel industry to contribute record \$11 trillion to global GDP in 2024 By Doyinsola Oladipo <https://surl.li/qygnzy>

2. Word tourism barometer/Volume 22, Issue 4 November 2024 <https://surl.li/eivonv>

3. Qazaqstan Respublikasyndaғы көрсетілген qyzmetterdiñ kölemi turaly 2023 jyl, 11 seria Kórsetiletin qyzmet statistikasy / Elektrondyq resurs.-URL: [https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/spreadsheets/\(jügingen küni: 10.12.2024\)](https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-service/spreadsheets/(jügingen küni: 10.12.2024)).

4. Qazaqstan Respublikasyndaғы üi şaruaşylyqtarynyñ saparlarğa jümsalğan şyğystary turaly 2023 jyl, 13 seria Turizm statistikasy Elektrondyq resurs.-URL: [https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/\(jügingen küni: 10.12.2024\)](https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/(jügingen küni: 10.12.2024)).

5. Markova, G.V. Jekonomicheskaja ocenka investicij: uchebnoe posobie. – Moskva: KURS: INFRA-M, 2020.- 144s.

6. Rynochная jekonomika. Russko- kazahskij tolkovyj slovar'-spravochnik/Pod redakciej M.R. Nasyrovoy.- Almaty: Bilim, 1995- 608s.

7. Moosa Iyad Ibrahim Foreign direct investment in tourism: a systematic review of literature// Journal of Tourism Quarterly 2024, 6 (1-2), 32-38

8. Zaytseva, V. M., Tsviliy, S. M., Demko, V. S., Klopov I. O., & Kovalenko, V. L. (2024). Internalization of the Investment Environment in the International Tourism Industry. Apuntes del Cenes, 43(78). Págs. 43 - 75. <https://doi.org/10.19053/uptc.01203053.v43.n78.2024.16971>

9. The relationship between foreign direct investment and tourism sector: the jamaican case A. Sarialioğlu Hayali , A. Küçükosman , Kolee, M. Kpartor // International Journal of Economic and Administrative Studies 2021 (31):229-246 ISSN 1307-9832

10. Merith Ifeoma Anaba, Goh Hong Ching, Muhammad Mehedi Masud Factors influence residents' investment decision for tourism industry development// International Journal of Applied Economics, Finance and Accounting ISSN 2577-767X Vol. 16, No. 1, pp. 66-76. 2023 DOI: 10.33094/ijaefa.v16i1.890

As described earlier, Green Box measures are not yet widely implemented in countries where agriculture constitutes a significant share of GDP and employment. In such cases, the distribution of Green Box measures is considered sufficient if they account for at least one-third of GDP growth in the sector.

The Blue Box includes programs related to production-limiting support. Payments from the state budget must be linked to specific measurable units of production or capital—such as the size of cultivated land or the number of livestock. These measures are introduced to regulate prices in domestic markets in order to prevent losses for agricultural producers. The experience of countries described in this study, including Serbia, Turkey, and Greece, demonstrates the widespread use of Blue Box measures.

The Amber Box is considered the least favorable category of government support. It includes direct price support, credit subsidies, and compensation payments. Under the WTO framework, the use of such measures is strictly limited, with a gradual phase-out anticipated. As seen in the experiences of various countries, Amber Box measures are the most widely applied. Although they may have a rapid effect, they do not provide qualitative improvements in the sector [13].

One of the main challenges faced by countries where agriculture represents a high share of GDP and employment is the use of economically distorting short-term support measures. Such instruments, although necessary for survival under market conditions, do not lead to the creation of sustainable infrastructure or the implementation of technological, organizational, and marketing innovations that are critical for long-term sectoral development.

Organizational measures are primarily associated with state programming of agricultural sector development. These measures help define the general goals and objectives of the sector, prioritize forms of economic support, set specific targets, and monitor progress accordingly. Organizational measures also facilitate the systematization and coordination of other support mechanisms and the evaluation of their effectiveness and relevance.

Currently, nearly all of the countries described above utilize strategic planning practices for agricultural development. A notable example is the European Union's experience with agricultural development planning that occurs beyond the direct purview of the state—especially in countries like Greece, Romania, and Serbia, where agriculture holds high strategic importance. The use of the Common Agricultural Policy (CAP) framework tailored to each country's specific conditions allows EU member states to implement a unified system for organizing and supporting agricultural development [14].

Institutional measures are primarily linked to the rules that govern the functioning of agriculture within a given society. This understanding follows the definition of institutions proposed by American economist Douglass North, who described institutions as the "rules of the game" in a society, or more formally, as the humanly devised constraints that shape human interaction.

In society, institutions are typically represented through two components:

- A formal legal framework established by the state;
- Social capital formed through the interaction of various social groups and individuals.

Thus, institutional support measures in agriculture can be divided into two main categories:

Normative (legal) measures define the conditions under which all agricultural actors operate at the national level. These include legal instruments that either protect agricultural entities from harmful events or establish fair operational rules—or, conversely, grant them special privileges or operational regimes. An example would be assigning a special status to young farmers, allowing them to be treated as a separate group eligible for specific subsidies (as seen in Greece and Romania). A key recent innovation in normative institutional measures is the introduction of regulations concerning the environmental impact of agricultural activities.

Social institutional measures emerge organically from local needs and are often shaped by historical practice and social capital. These measures are typically not enforced by the state but are maintained through informal community norms. The state has limited capacity to directly apply such measures, but it can foster an enabling environment for them to arise. An example of this would be the role of local grassroots groups in Greece, which can regulate agricultural activities without state intervention—through mutual assistance, information-sharing, and the creation of local advisory networks.

Conclusions. In general, based on the above, several conclusions can be drawn regarding foreign experience in state support for agriculture in countries where the agricultural sector accounts for a significant share of GDP and employment:

Countries that prioritize agricultural development do not necessarily aim to increase its share in national GDP, but rather stimulate employment in the sector. In most cases, the focus is on intensifying agricultural production and diversifying the economy. A high share of agriculture in GDP should be interpreted as an indicator of insufficient development in other sectors of the economy.

In countries where agriculture occupies a large share of GDP, short- and medium-term economic support measures, classified under the WTO's "Amber Box," are typically predominant. Similar support approaches exist across all countries considered in this study, with Belarus, Ukraine, and Kyrgyzstan showing the most pronounced reliance on such measures.

Countries applying "Blue Box" and "Green Box" measures tend to show more sustainable and qualitative growth in agriculture. Among the countries analyzed, these measures are most effectively implemented in Greece, Serbia, and Romania.

Strengthening the sustainability of Kazakhstan's food supply system is possible through the development of a national model that synthesizes international best practices while accounting for the country's specific characteristics. In this regard, the most promising state support measures for agriculture include:

- subsidizing infrastructure development and the training of highly qualified specialists;
- subsidizing wage funds to attract skilled professionals to the agricultural sector;
- providing subsidies based on measurable indicators (e.g., livestock numbers or cultivated land area);
- establishing a legally recognized "young farmer" status to facilitate the creation of targeted support programs;
- encouraging local community involvement to help resolve agricultural issues at the grassroots level and ensure continuous communication between agricultural producers and local or national authorities.

Overall, the focus should be on a gradual shift away from "Amber Box" measures toward "Blue Box" and ultimately "Green Box" mechanisms. Given the complexity of this transition, it may be effective to create designated development zones—similar to industrial zones—but specifically tailored for agriculture under new regulatory frameworks.

In the future, it is essential to identify and adapt national food security models suitable for Kazakhstan's conditions. In this context, the country should consider the diverse resources and capacities available to adapt successful foreign experience in agro-industrial development. A useful first step could be diversifying both the markets for agricultural products and the markets for industrial and technological equipment. China's experience in ensuring food security may offer valuable insights, and long-term cooperation in this area could facilitate the effective implementation of necessary measures.

For Kazakhstan, the experiences of both countries with a high share of agriculture in the economy and those where agriculture plays a relatively minor role can be instructive. The former offers lessons on what to avoid, while the latter provides models of success—allowing for a more objective and comprehensive understanding of the issue.

REFERENCES:

1. Президент Республики Казахстан К.-Ж. Токаев. Экономический курс Справедливого Казахстана: послание народу Казахстана // <https://www.akorda.kz/ru/addresses>. 10.11.2023.
2. Пашкевич О.А., Лёвкина В.О. Зарубежный опыт развития сельских территорий // <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyy-opyt>. 10.11.2023.
3. Пашкевич О.А. Сельское хозяйство стран Северной Европы: ресурсы, занятость, регулирование // Аграрная экономика. – 2017. – №5. – С. 56-63.
4. Постановление Правительство Российской Федерации. Об утверждении государственной программы Российской Федерации "Комплексное развитие сельских территорий": утв. 31 мая 2019 года, №696 // <https://docs.cntd.ru/document/554801411>. 11.10.2023.
5. Постановление Президента Республики Узбекистан. О дополнительных мерах по эффективной организации исполнения задач, определенных в стратегии развития сельского хозяйства Республики Узбекистан на 2020-2030 годы: утв. 7 июня 2022 года, №ПП-273 // <https://lex.uz/uz/docs/6055545>. 11.11.2023.
6. Постановление кабинета министров Кыргызской Республики. Об утверждении Программы развития сельскохозяйственной кооперации в Кыргызской Республике на 2023-2027 годы: утв. 23 августа 2023 года, №418 // <https://faolex.fao.org/docs/pdf/kyr220394.pdf>. 11.11.2022.
7. Постановление Совета Министров Республики Беларусь. Государственная программа «Аграрный бизнес» на 2021–2025 годы: утв. 1 февраля 2021 года, №59 // <https://www.mshp.gov.by/ru/programms-ru>. 11.11.2023.
8. Селезнев А.Г. Зарубежный опыт развития фермерских хозяйств и перспективы его применение в России // Журнал международной экономики. – 2019. – Т. 9, №1. – С. 246-257.
9. Касимбекова М.А., Баймагамбетова З.А., Матайбаева Г.Ж. Зарубежный опыт государственного регулирования агропромышленного комплекса // Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 2022. – №4. – С. 143-150.
10. Казакевич И. Особенности формирования внутренней поддержки сельского хозяйства Беларуси // Наука и инновации. – 2016. – №10. – С. 8-11.
11. Дооранов А.П., Маниева Ч.А. Система поддержки сельского хозяйства Кыргызстана в условиях ЕАЭС // <http://jurnal.org/articles/2016/ekon41.html>. 10.11.2023.
12. Каменова М. Факторы устойчивого развития аграрного сектора Казахстана // Вісник Київського національного університету імені Тараса Шевченка. Економіка. – 2012. – №142. – С. 23-26.
13. Правила внутренней поддержки сельского хозяйства в рамках ВТО. Справка // <https://ria.ru/20111114/488431764.html>. 10.11.2023.
14. Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики. – М., 1997. – 190 с.

REFERENCES:

- 1 Prezident Respubliki Kazahstan K.-Zh. Tokaev. Jekonomicheskij kurs Spravedlivogo Kazahstana: poslanie narodu Kazahstana // <https://www.akorda.kz/ru/addresses>. 10.11.2023.
- 2 Pashkevich, O.A., Ljovkina V.O. Zarubezhnyj opyt razvitija sel'skih territorij // <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyy-opyt>. 10.11.2023.
- 3 Pashkevich O.A. Sel'skoe hozjajstvo stran Severnoj Evropy: resursy, zanjatost', regulirovanie // Agrarnaja jekonomika. – 2017. – №5. – S. 56-63.
- 4 Postanovlenie Pravitel'stvo Rossijskoj Federacii. Ob utverzhdanii gosudarstvennoj programmy Rossijskoj Federacii "Kompleksnoe razvitie sel'skih territorij": utv. 31 maja 2019 goda, №696 // <https://docs.cntd.ru/document/554801411>. 11.10.2023.
- 5 Postanovlenie Prezidenta Respubliki Uzbekistan. O dopolnitel'nyh merah po jeffektivnoj organizacii ispolnenija zadach, opredelennyh v strategii razvitija sel'skogo hozjajstva Respubliki Uzbekistan na 2020-2030 gody: utv. 7 ijunja 2022 goda, №PP-273 // <https://lex.uz/uz/docs/6055545>. 11.11.2023.
- 6 Postanovlenie kabineta ministrov Kyrgyzskoj Respubliki. Ob utverzhdanii Programmy razvitija sel'skohozjajstvennoj kooperacii v Kyrgyzskoj Respublike na 2023-2027 gody: utv. 23 avgusta 2023 goda, №418 // <https://faolex.fao.org/docs/pdf/kyr220394.pdf>. 11.11.2022.
- 7 Postanovlenie Soveta Ministrov Respubliki Belarus'. Gosudarstvennaja programma «Agrarnyj biznes» na 2021–2025 gody: utv. 1 fevralja 2021 goda, №59 // <https://www.mshp.gov.by/ru/programms-ru>. 11.11.2023.
- 8 Seleznev A.G. Zarubezhnyj opyt razvitija fermerskih hozjajstv i perspektivy ego primenenie v Rossii // Zhurnal mezhdunarodnoj jekonomiki. – 2019. – T. 9, №1. – S. 246-257.

- 9 Kasimbekova, M.A., Bajmagambetova, Z.A., Matajbaeva, G.Zh. Zarubezhnyj opyt gosudarstvennogo regulirovaniya agropromyshlennogo kompleksa // Jekonomicheskaja serija vestnika ENU imeni L.N. Gumileva. – 2022. – №4. – S. 143-150.
- 10 Kazakevich, I. Osobennosti formirovaniya vnutrennej podderzhki sel'skogo hozjajstva Belarusi // Nauka i innovacii. – 2016. – №10. – S. 8-11.
- 11 Dooranov, A.P., Manieva, Ch.A. Sistema podderzhki sel'skogo hozjajstva Kyrgyzstana v uslovijah EAJeS // <http://jurnal.org/articles/2016/ekon41.html>. 10.11.2023.
- 12 Kamenova, M. Faktory ustojchivogo razvitija agrarnogo sektora Kazakhstana // Visnik Kiivskogo nacional'nogo universitetu imeni Tarasa Shevchenka. Jekonomika. – 2012. – №142. – S. 23-26.
- 13 Pravila vnutrennej podderzhki sel'skogo hozjajstva v ramkah VTO. Spravka // <https://ria.ru/20111114/488431764.html>. 10.11.2023.
- 14 Nort D. Instituty, institucional'nye izmenenija i funkcionirovanie jekonomiki. – M., 1997. – 190 s.

ЕЛДІ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ТҰРАҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Konyrbekov M.*

PhD, associate professor
Turan University
Almaty, Kazakhstan
email: konyrbekov.m@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-1985-3532>

Kasymbekova G.R.

PhD, Associate Professor, Department of Finance
Turan University
Almaty, Kazakhstan
g.kasymbekova@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-5411-1297
Phone: +7 747 196 90 24

Beisekova Zh.

Candidate of Economic Sciences
Kazakh National Agrarian Research University
Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhanna.beyseкова@mail.ru
ORCID:0000-0002-7721-5611

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін (бұдан әрі – АӨК) модернизациялау жағдайында азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығын зерделеу мен зерттеу жүргізудің өзекті мәселелері, біріншіден, жағдайдың тұрақсыздығы және кейбір өнім санаттарындағы импортқа жоғары тәуелділік және агроөнеркәсіп кешенін модернизациялау қажеттілігі сияқты бірқатар проблемаларды шешуге негізделген. Сонымен қатар, екіншіден, агроөнеркәсіп кешенін тиімді модернизациялау және азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жоғары білікті мамандар қажет. Алайда, көбінде бейінді мамандардың кадр тапшылығы проблемасы туындап, бұл зерттеу жүргізуді және АӨК модернизациялау бойынша міндеттерді орындауды қиындатуы мүмкін. Үшіншіден, Қазақстанға климаттың жаһандық өзгерістері әсер етеді, бұл ауыл шаруашылығы мен өнімділікке, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге теріс әсер етуі ықтимал.

АӨК-ті қолдау және дамыту саясаты мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ететін тиімді бағдарламаларды әзірлеуге ықпал ететін тетіктерді құруға бағытталған заңнамалық реттеуді қамтиды. Бұл кешен мемлекет халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінде шешуші рөл атқарады және оны модернизациялау тұрақты азық-түлік жүйесін қалыптастыру стратегиясының ажырамас бөлігі. Жүргізілген зерттеуде агроөнеркәсіп кешенін модернизациялау мен азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығының заңнамалық және реттеуші аспектілерін ескеру қажет. Бұған нормативтік реттеу, субсидия, сауда саясаты мәселелері және АӨК-ті модернизациялаудың табыстылығына әсер етуі мүмкін басқа да аспектілер кіреді.

Бұл зерттеудің мақсаты – теориялық-әдіснамалық тәсілдерді зерделеу, мемлекетті азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінің шетелдік озық тәжірибелерді зерттеу нәтижесінде ұсыныстар қалыптастыру.

Зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау, синтез, дедукция әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіп кешені, агроөнеркәсіп секторы, азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы, өнімділік, тиімділік.

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ МОДЕРНИЗАЦИИ АГРАРНОГО СЕКТОРА ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СТАБИЛЬНОГО ПРОДОВОЛЬСТВЕННОГО СНАБЖЕНИЯ СТРАНЫ

Konyrbekov M.*

PhD, associate professor
Turan University
Almaty, Kazakhstan
email: konyrbekov.m@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-1985-3532>

Kasymbekova G.R.

PhD, Associate Professor, Department of Finance
Turan University
Almaty, Kazakhstan
g.kasymbekova@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-5411-1297
Phone: +7 747 196 90 24

Beisekova Zh.

Candidate of Economic Sciences
Kazakh National Agrarian Research University
Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhanna.beysekova@mail.ru
ORCID:0000-0002-7721-5611

Аннотация. Актуальность вопросов изучения и проведения научных исследований по устойчивости продовольственного обеспечения в условиях модернизации агропромышленного комплекса Республики Казахстан (далее – АПК) обусловлена, во-первых, решением ряда проблем, таких как нестабильность ситуации и высокая зависимость от импорта по некоторым товарным категориям, необходимость модернизации АПК. Во-вторых, для эффективной модернизации агропромышленного комплекса и обеспечения стабильности поставок продовольствия необходимы высококвалифицированные специалисты. Однако во многих случаях наблюдается нехватка профильных специалистов, что может осложнить проведение научных исследований и реализацию задач, связанных с модернизацией аграрного сектора. В-третьих, на Казахстан влияет глобальное изменение климата, которое, вероятно, окажет негативное влияние на сельское хозяйство, производительность и сельскохозяйственное производство. Политика поддержки и развития агропромышленного комплекса играет важную роль в обеспечении безопасности государства и включает законодательное регулирование, направленное на создание механизмов, способствующих разработке эффективных программ, обеспечивающих устойчивое и сбалансированное развитие агропромышленного комплекса. Данный комплекс играет ключевую роль в системе продовольственного обеспечения населения страны, а его модернизация является неотъемлемой частью стратегии формирования устойчивой продовольственной системы. Проводимое исследование должно учитывать законодательные и нормативные аспекты модернизации агропромышленного комплекса и устойчивости продовольственного обеспечения. К ним относятся нормативное регулирование, субсидии, вопросы торговой политики и другие аспекты, которые могут повлиять на успех модернизации агробизнеса.

Целью данного исследования является изучение теоретических и методических подходов, разработка рекомендаций на основе изучения зарубежного передового опыта в системе государственного продовольственного обеспечения.

В исследовании использовались методы сравнительного анализа, синтеза и дедукции.

Ключевые слова: Агропромышленный комплекс, агропромышленный сектор, продовольственная безопасность, сельское хозяйство, производительность, эффективность.

Мухаметкалиева Е. М.
PhD, шақырылған ғалым
Сиракуз Университеті, АҚШ
e-mail: ymukhame@syr.edu
ORCID: 0009-0008-9422-5863

Мұханбетәлі Б. М.*
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Басқару институтының докторанты
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: b.mukhambetali@apa.kz
ORCID: 0000-0002-3832-7039

КАПИТАЛДЫҢ ЗАҢСЫЗ КЕТУІН БОЛДЫРМАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Капиталдың заңсыз кетуі дамушы және ресурсқа тәуелді елдер үшін ең өзекті проблемалардың бірі. Бұл жайт мемлекеттік бюджеттің елеулі шығындарына әкеліп соқтырады, институционалдық тұрақтылыққа нұқсан келтіреді және әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті тереңдетеді.

Бұл мақала халықаралық салыстырмалы талдау негізінде капиталдың заңсыз кетуін болдырмаудың заманауи стратегиялары мен тетіктерін қарастырады. Үндістанның, Оңтүстік Кореяның, Нигерияның, Бразилияның және ЭЫДҰ елдерінің жағдайлары негізінде капиталдың кетуімен күресуге бағытталған институционалдық, құқықтық және технологиялық шаралар қарастырылады. Қолданылатын әдістеме нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнын, салыстырмалы жағдайды және халықаралық ұйымдардың деректерін екінші реттік талдауды қамтиды.

Нәтижелер ашықтыққа, салық туралы ақпаратпен алмасуға, қаржылық бақылауды автоматтандыруға және трансшекаралық ынтымақтастықты нығайтуға негізделген кешенді тәсіл ең жоғары тиімділікті көрсететінін байқатты.

Түйін сөздер: капиталдың кетуі, салықтың ашықтығы, офшорлық, салықтан жалтарумен күрес, халықаралық ынтымақтастық, дамушы елдер.

КІРІСПЕ

Капиталды заңсыз шетке шығару (capital flight) – экономикалық мәселе ғана емес, сонымен қатар фискалдық егемендік пен мемлекеттердің орнықты дамуына қатер төндіретін институционалдық сын-қатер. Бұл құбылыс заңсыз немесе жартылай заңды тәжірибелердің кең ауқымын, оның ішінде сыртқы экономикалық операциялар кезінде бағаларды қолдан көтеру немесе төмендетуден бастап, салықтан жалтару мақсатында офшорлық сызбалар мен жалған компанияларды пайдалануға дейін қамтиды.

Global Financial Integrity деректеріне сүйенсек, 2006-2015 жылдар аралығында дамушы елдер жыл сайын \$620-970 млрд аралығындағы капитал ағынын жоғалтқан, оның басым бөлігі сауда операцияларын манипуляциялау нәтижесінде болған [1].

Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан үшін бұл мәселе бірқатар факторлардың үйлесуімен күрделене түседі: шикізат экспортының жоғары үлесі, сыртқы қаржыландыруға тәуелділік, әлсіз салық әкімшілігі және трансшекаралық бақылау тетіктерінің шектеулілігі. Капиталдың заңсыз сыртқа кетуі елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді, цифрландыру, денсаулық сақтау, білім беру секілді стратегиялық бағдарламаларды іске асыруға арналған бюджет ресурстарын азайтады және мемлекеттік институттарға деген сенімсіздікті күшейтеді. Бұдан бөлек, санкциялық қысым мен жаһандық қаржы архитектурасының өзгеруі жағдайында көлеңкелі сызбалармен байланысты тәуекелдер одан әрі өзекті бола түсуде.

Осы мақала мақсаты – халықаралық тәжірибелерді (Үндістан, Оңтүстік Корея, Нигерия, Бразилия және бірқатар ЭЫДҰ елдері) салыстырмалы талдау негізінде капиталды заңсыз

шығарудың алдын алудың тиімді стратегиялары мен тетіктерін анықтау және оларды дамушы елдер, ең алдымен Қазақстан жағдайында бейімдеуге арналған ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу барысында кейс-талдау, нормативтік актілерге контент-талдау және халықаралық ұйымдардың деректеріне екінші реттік талдау әдістері қолданылды, бұл институционалдық, құқықтық және технологиялық шараларды кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Капиталды заңсыз шығару (КЗШ) және онымен байланысты заңсыз қаржылық ағындар мәселесі көптен бері академиялық және қолданбалы зерттеулердің назарында. Бұл құбылыстың экономикалық және институционалдық себептеріне баса назар аударылады.

Классикалық мысал ретінде Ндикумана мен Бойстың еңбегін айтуға болады, онда Сахараның оңтүстігіндегі Африка елдеріндегі сыртқы қарыздардың елеулі үлесі қайтадан елден сыртқа заңсыз капитал ретінде шығып кететіні көрсетілген. Авторлардың бағалауынша, аймақтағы жаңа сыртқы қарыздың әрбір долларына шамамен 60 цент капитал ағынының кетуі сәйкес келеді, бұл қарызға тәуелділіктің және ұлттық байлықтың жоғалуының шырғалаң шеңбер екенін көрсетеді [2].

Халықаралық валюта қорының сарапшыларының пікірінше, бұл үдерістер фискалдық тұрақтылықты әлсіретеді және даму үшін қажетті мемлекеттік ресурстардың жетіспеушілігіне әкеледі. Заңсыз қаржылық ағындар салық түсімдерін азайтады, теңсіздікті арттырады, нарықтық бәсекелестікті бұрмалайды және мемлекеттік институттардың легитимдігін төмендетеді [3]. Бұл тұрғыда әсіресе дамушы елдер осал, өйткені оларда құқықтық және институционалдық шеңберлер әлсіз әрі сыртқы қаржыландыруға тәуелділік жоғары.

Ғылыми әдебиеттерде офшорлық юрисдикциялар мен жаһандық қаржы орталықтарының капиталды заңсыз ауыстыру үшін жағдай жасаудағы рөлі кеңінен талданған. Осы саладағы жетекші зерттеушілердің бірі – Габриэль Цукман – әлемдік жеке қаржылық байлықтың шамамен 8%-ы Швейцария, Люксембург және Кайман аралдары сияқты офшорлық аймақтарда жасырылғанын атап көрсетеді. Бұл құрылымдар қаржылық құпиялылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, активтерді жасыруға, салықтан жалтаруға және қылмыстық жолмен алынған табыстарды ақтауға мүмкіндік береді [4]. Соның салдарынан мемлекеттер жыл сайын жүздеген млрд доллар жоғалтады. Мұндай қаражат инфрақұрылым, денсаулық сақтау және білім беру салаларын қаржыландыруға жұмсалуды мүмкін еді.

Заңсыз қаржылық ағындардың артып келе жатқан қаупіне жауап ретінде халықаралық қауымдастық трансшекаралық қаржы операцияларының ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар қабылдады. Солардың ішінде ең маңызды қадамдардың бірі – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Салық ақпараттарымен автоматты алмасу стандартының (AEOI) енгізілуі. AEOI-дің арқылы әртүрлі елдердің салық органдары шетелдегі резиденттердің қаржылық шоттары туралы ақпаратқа қол жеткізді, бұл салықтан жалтару ауқымын едәуір азайтуға мүмкіндік берді [5]. AEOI-ді енгізу тәжірибесін талдау бұл тетік трансшекаралық заңсыз әрекеттермен күресте, әсіресе дамыған салық әкімшілігі бар елдерде, тиімді құрал екенін көрсетеді.

ЭЫДҰ бастамаларымен қатар, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша қаржылық шараларды әзірлеу тобының (FATF) қызметі маңызды рөл атқарады. FATF соңғы есептерінде киберқылмыстың және капиталдың цифрлық түрдегі заңсыз қозғалыстарының – криптовалюталар мен жалған онлайн-компанияларды қолдану арқылы жасалатын схемалардың өскенін ерекше атап көрсетеді [6]. Мұндай жағдайда халықаралық ынтымақтастық, құқық қорғау органдары арасындағы үйлестіру, ақпарат алмасу және бірлескен тергеулер шешуші маңызға ие болады.

Қазіргі әдебиеттерде заңсыз қаржылық ағындарға қарсы күресте технологияларды пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылуда. Deloitte және McKinsey сынды жетекші консалтингтік компаниялар мен талдау орталықтары күдікті қаржылық транзакцияларды ерте анықтау үшін жасанды интеллект, машиналық оқу және үлкен деректерді талдаудың

өсіп келе жатқан маңыздылығын көрсетеді. Бұл технологиялар комплаенс-бақылау процестерін автоматтандыруға, қаржы нарығы қатысушыларының мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтауға және тәуекел профилін дәлірек жасауға мүмкіндік береді [7].

Сонымен қатар, капиталдың заңсыз шығарылуының дамушы елдерге тигізетін зиянын бағалауға арналған зерттеулердің зор үлесін атап өткен жөн. Кобхэм мен Янскийдің зерттеулері бойынша, трансұлттық корпорациялардың агрессивті салықтық жоспарлауы салдарынан дамушы елдер жыл сайын ЖІӨ-нің 1,32%-на дейін салық түрінде жоғалтады [8]. Бұл орнықты дамудың фискалдық негіздерін бұзып, мемлекеттік инвестицияны шектейді және әлеуметтік қорғау, білім беру мен инфрақұрылым салаларындағы мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіреді.

Осылайша, тиісті әдебиетке шолу капиталды заңсыз шығаруға қарсы күрестің бірнеше негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді: ұлттық салық және қаржылық жүйелерді жетілдіру, ақпарат алмасудың халықаралық институттарын дамыту, офшорлық юрисдикциялармен күресу, сондай-ақ қаржылық ағындардың ашықтығын арттыру үшін цифрлық шешімдерді енгізу. Алайда, жаһандық стандарттарды нақты елдердің шынайылығына бейімдеу міндеті өзекті болып қалуда, бұл институционалдық әлеуетті, саяси ерік-жігерді және цифрлық даму деңгейін ескере отырып жүзеге асуы тиіс.

ӘДІСНАМА

Бұл зерттеу сапалық әдіске негізделген және келесідей негізгі элементтерден тұрады:

- *Салыстырмалы жағдайлық талдау:* Үндістан, Оңтүстік Корея, Бразилия, Нигерия және ЭЫДҰ елдері (Германия, Нидерланды, Ұлыбритания) мысалдары қарастырылды.
- *Нормативтік құжаттар мен стратегияларға контент-талдау:* ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар, салықтық келісімдер, трансферттік баға белгілеу заңдары қарастырылды.
- *Екінші дереккөздерге талдау:* Global Financial Integrity, OECD, FATF, IMF және Transparency International ұйымдарының есептері қолданылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Халықаралық жағдайларды талдау негізінде капиталдың заңсыз кетуін болдырмау бағытында қолданылатын тәсілдердің әртүрлілігін және олардың елдердің институционалдық ерекшеліктеріне бейімделуін көрсететін тиімді стратегиялары анықталды. Экономикасы дамыған елдерді де, заңсыз қаржы ағындарына осалдығы жоғары дамушы елдерді де қамтитын зерттеу нәтижелері төмендегідей болды (1-кесте).

1. Үндістан

Үндістан салық әкімшілігін цифрландыруға және халықаралық ынтымақтастықты арттыруға айтарлықтай күш салған елдердің бірі. Бұл ел деректер алмасу платформаларымен біріктірілген табыс салығы бойынша декларацияны алдын ала толтыру жүйесін енгізу декларацияланбаған кіріс көлемін азайтты. Үндістан үкіметі шетелде жасырылған активтерді анықтауға мүмкіндік беретін салық ақпаратын автоматты түрде алмасу (AEOI) туралы келісімдерге қол қойған. Үндістанның Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, 2018 және 2021 жылдар аралығында салық түсімдері салықтан жалтарудың азаюына байланысты 18%-ға өсті [9; 10].

2. Оңтүстік Корея

Оңтүстік Корея трансшекаралық капитал ағындарын бақылау үшін технологиялық құралдарды пайдаланады және BEPS (базалық эрозия және пайданы ауыстыру) жоспарын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады. Сонымен қатар, бұл елде бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты жария ету жүйесі енгізілген. Бұл шаралар 2019 және 2023 жылдар аралығында офшорға ағып жатқан капитал көлемін 15%-ға қысқартты [11; 12].

3. Бразилия

Бразилия трансферттік баға жүйесін реформалауға және трансұлттық корпорациялардың транзакцияларының цифрлық мониторингін жақсартуға назар аударды. Автоматты ақпарат алмасу механизмдеріне қосылу экспорттық транзакциялардағы бағаларды манипуляциялаудың көптеген жағдайларын анықтауға көмектесті. 2017 және 2021 жылдар аралығында заңсыз аударылған 1,2 млрд доллардан астам қаражат бюджетке қайтарылды [10; 1].

4. Нигерия

Шикізат экспортының жоғары деңгейі бар дамушы ел ретінде Нигерия офшорлық схемалар арқылы капиталдың ауқымды ұшуына тап болған мемлекеттің бірі. Мұнай-газ секторындағы келісімшарттық аудитті және FATF-пен ынтымақтастықты қоса алғанда, ашықтық шаралары 2016 жылғы базалық көрсеткішпен салыстырғанда капиталдың кетуін 10%-ға қысқартты. Нәтижесінде, елдің бұрын жоғалған активтерді қайтару әлеуеті артты [3; 13].

5. Германия

Германия дәстүрлі түрде салық ашықтығының жоғары деңгейін көрсеткен елдердің бірегейі. Ел үкіметі CRS шеңберінде автоматты түрде ақпарат алмасу саясатын белсенді түрде жүзеге асыруда, банктік және инвестициялық транзакцияларға цифрлық бақылауды күшейтуде. Қабылданған ауқымды шаралар неміс резиденттеріне тіркелген офшорлық шоттардың саны азайтып, қаржылық ақпаратқа трансшекаралық сұраулар санын арттырды [14; 15].

6. Ұлыбритания

Біріккен Корольдік компаниялардың бенефициар иелерінің мемлекеттік тізілімін енгізген алғашқы елдердің бірі болды. Бұл әсіресе бұрын ақшаны жылыстату үшін пайдаланылған жылжымайтын мүлік секторындағы транзакциялардың ашықтығын арттырды. 2017 жылдан бастап Ұлыбританияның компанияларын UK Companies House-де тіркеу кезінде бенефициарлық меншік иелерін ашу деңгейі 35%-ға өсті және бұл капиталды заңсыз алу схемаларын жасыруды әлдеқайда қиындата түсті [16; 4].

1-кесте. Капиталдың заңсыз кетуін болдырмау стратегияларының салыстырмалы талдауы

Ел	Негізгі стратегиялары	Цифрлық құралдар	Тиімділігі	Ақпарат көзі
Үндістан	Салық декларацияларын алдын ала тапсыру, AEOI	Біріктірілген салық платформалары	Салық түсімінің 18%-ға өсуі (2018-2021)	Indian Ministry of Finance (2022); OECD (2023)
Оңтүстік Корея	Бенефициарлық меншік иелерінің мемлекеттік тізілімі, капиталды бақылау	Нақты уақыттағы қаржылық мониторинг	Оффшорлық ағып кетуді 15%-ға азайту (2019–2023)	FATF (2023); Transparency Int. (2023)
Бразилия	Трансферттік баға реформасы, AEOI	Экспорттық транзакциялардың электронды мониторингі	Репатриация \$1,2 млрд (2017–2021)	OECD (2023); GFI (2019)
Нигерия	Контракт аудиті, FATF ынтымақтастығы	Ішінара цифрлық аудит	Ағып кетуді 10% азайту; репатриация әрекеттері	IMF (2023); Nigerian Gov. (2021)
Германия	CRS, цифрлық банктік бақылау	ЕО және ЭЫДҰ платформаларымен интеграция	Оффшорлық шоттардың төмендеуі; мемлекетаралық алмасу	OECD (2023); EU Commission (2023)
Ұлыбритания	Бенефициарларының тізілімі, мүлікті бақылау	Companies House API, мүлік тізілімі	+35% меншік иесінің ақпаратты ашуы (2017 жылдан бастап)	UK Companies House (2023); Zucman (2015)

Автор талдау нәтижесінде құрастырған

ТАЛҚЫЛАУ

Салыстырмалы талдау нәтижелері капиталдың заңсыз кетуін болдырмауға бағытталған стратегияларды әртараптандырудың жоғары дәрежесін көрсетеді. Бұл стратегиялардың тиімділігі негізінен институционалдық дизайн, цифрлық тетіктер және халықаралық ынтымақтастық үйлесімімен анықталады.

Біріншіден, салық ақпаратын автоматты түрде алмасу (AEOI) және BEPS бастамасы сияқты жаһандық бастамаларға белсенді қатысумен ішкі реформаларды біріктіретін елдердің жоғары көрсеткіштері айқын көрінеді. Мысалы, Үндістан алдын ала толтырылған салық декларациялары жүйесін және сандық салықтық әкімшілендіру платформасын (TRACES, TIN 2.0) енгізу арқылы 2018 және 2021 жылдар аралығында салық түсімдерінің 18%-ға артуына қол жеткізді [9]. Бұл процестерді цифрландыру ашықтық пен салықты ерікті түрде орындауға ықпал ететінін көрсетеді.

Екіншіден, ашықтығы мен саяси ерік-жігері жоғары елдер, мысалы, Оңтүстік Корея мен Ұлыбритания капиталдың ағылуының тұрақты қысқаруын көрсетеді. Оңтүстік Корея моделі үлкен қаржы ағындарын нақты уақыт режимінде бақылауға және трансшекаралық транзакцияларды қатаң бақылауға баса назар аударады [11]. Сонымен бірге, Ұлыбританияда шетелдіктерге тиесілі жылжымайтын мүлікті міндетті тіркеуді қоса алғанда, цифрлық бенефициарлық меншік тізілімі сәтті енгізілді, бұл бұрын анонимді активтердің 35%-дан астамының меншік құрылымының ашылуына әкелді [16]. Бұл жағдайлар меншік қатынастары мен меншіктің ашықтығына бағытталған құралдардың тиімділігін көрсетеді.

Үшіншіден, Бразилия мен Нигерия сияқты дамып келе жатқан экономикалар жемқорлықтың жоғары деңгейі мен институционалдық тұрақсыздықтың қосарлы сынағына жиі тап болады. Дегенмен, Бразилия трансферттік бағаны реформалауда біршама ілгерілеушілікке қол жеткізді және сонымен бірге 2017 және 2021 жылдар арасында 1,2 млрд доллар репатриацияны тіркеді [1; 10]. Сондай-ақ, Нигерия FATF-пен ресми ынтымақтастыққа қол жеткізуіне қарамастан шектеулі табысқа қол жеткізген ел. Бұл мысал сыбайлас жемқорлыққа қарсы және фискалдық шаралардың тиімділігі сыртқы қысымды ғана емес, сонымен қатар тұрақты ішкі институционалдық дамуды қажет ететінін көрсетеді.

Соңында, неміс үлгісі ұлттық цифрлық инфрақұрылымды Еуропалық одақ және ЭЫДҰ ұлтүстілік платформаларымен біріктірудің маңыздылығын көрсетеді. Неміс тәжірибесі көрсеткендей, банктік және корпоративтік құрылымдарға орталықтандырылған бақылау халықаралық деректер алмасумен үйлескенде анықтау тәуекелін айтарлықтай арттыруға және сол арқылы жалтару уәждемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, капиталдың заңсыз кетуін болдырмауға бағытталған стратегиялардың тиімділігі мемлекеттің цифрлық жетілуі, саяси еріктің болуы, халықаралық ынтымақтастықтың дамуы және институционалдық сенімділік қамтамасыз етілу жағдайында ғана артатыны байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу капиталдың заңсыз шығарылуының тұрақты алдын алу тек ішкі реформаларды, цифрландыруды және жаһандық ынтымақтастықты біріктіретін көпдеңгейлі және кешенді тәсілмен ғана мүмкін болатынын көрсетеді.

Осы саладағы халықаралық тәжірибені талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Институционалдық және цифрлық реформалар капиталдың кетуімен күресу шараларының тиімділігін айтарлықтай арттырады. Үндістанның, Оңтүстік Кореяның және Ұлыбританияның мысалдары технологияны қолдайтын бастамалар салық төлеушілер мен корпоративтік мінез-құлықты заңдылыққа қарай өзгерте алатынын көрсетеді.

2. AEOI және BEPS арқылы халықаралық ынтымақтастық маңызды табыс факторы. Мұндай бастамаларға қатысу деректер алмасуды жақсартады, агрессивті салықтық жоспарлауды болдырмауға көмектеседі және трансұлттық компаниялардың жауапкершілігін арттырады.

3. Дамушы елдер жан-жақты қолдауды қажет етеді. Бұл тек техникалық және сараптамалық көмек қана емес, сонымен қатар ұлттық элита деңгейінде саяси ерік-жігер мен ашықтықты ынталандыруды да қамтиды. Бразилия дәйекті саясатпен салыстырмалы түрде табысқа жетсе, ал Нигерия институционалдық кедергілерге әлі тап болып отыр.

Жалпы жүргізілген зерттеу капиталдың заңсыз кетуін болдырмау саласында қайсыбір әмбебап тәсілдің жоқтығын көрсетті. Әрбір ел өзінің цифрлық даму деңгейіне, институттардың сапасына және сыртқы экономикалық құрылымның ерекшеліктеріне негізделген стратегияны қалыптастырады. Дегенмен, ашықтық, бақылау және жауапкершілік қағидаттары жалпыға бірдей қолданылады. Осылайша, капиталдың заңсыз экспортына қарсы тиімді күрес оқшауланған шараларды емес, ішкі және халықаралық күш-жігерді біріктіретін жүйелі және келісілген тәсілді қажет етеді. Бұл тек фискалдық тұрақтылық мәселесі ғана емес, сонымен қатар азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімділігінің негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Global Financial Integrity (GFI). (2019). Illicit Financial Flows to and from 148 Developing Countries: 2006–2015. <https://gfintegrity.org/report/2019-iff-update/>
2. Ndikumana, L., & Boyce, J. K. (2011). Capital Flight from Sub-Saharan Africa: Linkages with External Borrowing and Policy Options. *International Review of Applied Economics*, 25(2), 149–170. <https://doi.org/10.1080/02692171.2010.483468>
3. International Monetary Fund (IMF). (2023). Factsheet: Fight Against Illicit Financial Flows. <https://www.imf.org/en/About/Factsheets/Sheets/2023/Fight-against-illicit-financial-flows>
4. Zucman, G. (2015). *The Hidden Wealth of Nations: The Scourge of Tax Havens*. University of Chicago Press.
5. OECD. (2023). Update on the Implementation of the 2021 Strategy on Unleashing the Potential of Automatic Exchange of Information for Developing Countries. https://www.oecd.org/en/publications/update-on-the-implementation-of-the-2021-strategy-on-unleashing-the-potential-of-automatic-exchange-of-information-for-developing-countries_f939b5b6-en.html
6. FATF. (2023). Illicit Financial Flows from Cyber-Enabled Fraud. <https://www.fatf-gafi.org/en/publications/Methodsand Trends/illicit-financial-flows-cyber-enabled-fraud.html>
7. Deloitte. (2020). Fighting Economic Crime: The Rise of Connected Technology. <https://www2.deloitte.com/us/en/insights/topics/risk-management/fighting-economic-crime-connected-technology.html>
8. Cobham, A., & Janský, P. (2018). *Global Distribution of Revenue Loss from Tax Avoidance*. EU Tax Observatory.
9. Indian Ministry of Finance. (2022). *Annual Taxation Report*. Government of India.
10. OECD. (2023). *Global Forum on Transparency and Exchange of Information for Tax Purposes*. OECD Publishing.
11. FATF. (2023). *Mutual Evaluation of South Korea*.
12. Transparency International. (2023). *South Korea: Anti-Corruption Profile*.
13. Government of Nigeria. (2021). *Audit of Oil Sector Revenues*.
14. OECD. (2023). Update on the Implementation of the 2021 Strategy on Unleashing the Potential of AEOI.
15. EU Commission. (2023). *Tax Transparency Progress Report*.
16. UK Companies House. (2023). *Beneficial Ownership Register Statistics*.

REFERENCES:

1. Global Financial Integrity (GFI). (2019). *Nezakonnny`e finansovy`e potoki v 148 razvivayushhixsya stran i iz nix: 2006–2015 gg.* <https://gfintegrity.org/report/2019-iff-update/>
2. Ndikumana, L., & Boyce, J. K. (2011). Capital Flight from Sub-Saharan Africa: Linkages with External Borrowing and Policy Options. *International Review of Applied Economics*, 25(2), 149–170. <https://doi.org/10.1080/02692171.2010.483468>
3. Mezhdunarodny`j valyutny`j fond (MVF). (2023). *Informacionny`j listok: Bor`ba s nezakonnny`mi finansovy`mi potokami.* <https://www.imf.org/en/About/Factsheets/Sheets/2023/Fight-against-illicit-financial-flows>

4. Zucman, G. (2015). The Hidden Wealth of Nations: The Scourge of Tax Havens. University of Chicago Press.
5. OECD. (2023). Update on the Implementation of the 2021 Strategy on Unleashing the Potential of Automatic Exchange of Information for Developing Countries. https://www.oecd.org/en/publications/update-on-the-implementation-of-the-2021-strategy-on-unleashing-the-potential-of-automatic-exchange-of-information-for-developing-countries_f939b5b6-en.html
6. FATF. (2023). Illicit Financial Flows from Cyber-Enabled Fraud. <https://www.fatf-gafi.org/en/publications/Methodsand Trends/illicit-financial-flows-cyber-enabled-fraud.html>
7. Deloitte. (2020). Bor`ba s e`konomicheskoy prestupnost`yu: rost podklyuchenny`x texnologij. <https://www2.deloitte.com/us/en/insights/topics/risk-management/fighting-economic-crime-connected-technology.html>
8. Cobham, A., & Janský, P. (2018). Global`noe raspredelenie poter`doxodov ot ukloneniya ot uplaty`nalogov. Nalogovaya observatoriya ES.
9. Ministerstvo finansov Indii. (2022). Ezhegodny`j nalogovy`j otchet. Pravitel`stvo Indii.
10. OECD. (2023). Global`ny`j forum po prozrachnosti i obmenu informaciej v nalogovy`x celyax. OECD Publishing.
11. FATF. (2023). Vzaimnaya ocenka Yuzhnoj Korei.
12. Transparency International. (2023). Yuzhnaya Koreya: antikorrupcionny`j profil`.
13. Pravitel`stvo Nigerii. (2021). Audit doxodov neftyanogo sektora.
14. OE`SR. (2023). Obnovlenie po realizacii Strategii 2021 goda po raskry`tiyu potentsiala AEOL.
15. Komissiya ES. (2023). Otchet o xode realizacii nalogovoy prozrachnosti.
16. Registracionnaya palata Velikobritanii. (2023). Statistika reestra beneficiarny`x vladel`cev.

STRATEGIES AND MECHANISMS FOR PREVENTING ILLICIT CAPITAL FLIGHT: A STUDY OF INTERNATIONAL CASES

Mukhametkaliyeva Y.M.
PhD, Visiting Scholar
Syracuse University, USA
email: ymukhame@syr.edu
ORCID: 0009-0008-9422-5863

Mukhanbetali B.M.*
Doctoral Student at the Institute of Management
Academy of Public Administration under the
President of the Republic of Kazakhstan Astana,
Republic of Kazakhstan
email: b.mukhambetali@apa.kz
ORCID: 0000-0002-3832-7039

Abstract: Illicit capital flight represents one of the most pressing challenges for developing and resource-dependent countries, leading to significant losses in state budgets, undermining institutional stability, and deepening socio-economic inequality.

This article examines contemporary strategies and mechanisms for preventing illicit capital outflows through a comparative international analysis. Based on case studies from India, South Korea, Nigeria, Brazil, and OECD countries, it explores institutional, legal, and technological measures aimed at combating capital flight.

The methodology includes content analysis of legal documents, comparative case analysis, and secondary data analysis from international organizations.

The results indicate that a comprehensive approach—based on transparency, tax information exchange, automation of financial oversight, and strengthened cross-border cooperation—demonstrates the highest effectiveness.

Keywords: capital outflow, tax transparency, offshore jurisdictions, combating tax evasion, international cooperation, developing countries.

СТРАТЕГИИ И МЕХАНИЗМЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ НЕЛЕГАЛЬНОГО ВЫВОЗА КАПИТАЛА: ИЗУЧЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ КЕЙСОВ

Мухаметкалиева Е.М.
PhD, приглашенный ученый
Сиракузский университет, США
email: ymukhame@syr.edu
ORCID: 0009-0008-9422-5863

Мұханбетәлі Б.М.*
Докторант Института управления
Академии государственного управления
при Президенте Республики Казахстан
Астана, Республика Казахстан
email: b.mukhambetali@apa.kz

Аннотация: Проблема нелегального оттока капитала остается одной из наиболее актуальных для развивающихся и ресурсозависимых государств, поскольку она приводит к значительным фискальным потерям, ослаблению институциональных структур и усугублению социально-экономического неравенства.

Настоящее исследование направлено на выявление и анализ эффективных стратегий и механизмов предотвращения нелегального вывоза капитала на основе международного сравнительного подхода. Рассматриваются институциональные, правовые и технологические меры противодействия капиталовому бегству, опираясь на кейс-анализ таких стран, как Индия, Южная Корея, Нигерия, Бразилия, а также государств-членов ОЭСР.

Методологическая база исследования включает контент-анализ нормативно-правовых актов, сравнительный анализ кейсов и вторичный анализ аналитических данных, предоставленных международными организациями.

Полученные результаты свидетельствуют о высокой эффективности комплексного подхода, включающего обеспечение прозрачности финансовых потоков, внедрение автоматизированных систем налогового контроля, развитие обмена налоговой информацией и усиление трансграничного взаимодействия.

Ключевые слова: нелегальный отток капитала, налоговая прозрачность, офшорные юрисдикции, противодействие уклонению от уплаты налогов, международное сотрудничество, развивающиеся страны.